

САБАРЛАР, 463–558 ЖЫЛДАРДА ҚАРАТЕҢІЗДІҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ ӨМІР СҮРІП, КАВКАЗДА ҮЛКЕН РӨЛ ОЙНАҒАН ТҮРКІ ТЕКТІ ХАЛЫҚ. БҮЛ ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨРТҮРЛІ ШЕТЕЛДІК ДЕРЕКТЕРДЕН ҒАНА ТАБА АЛАМЫЗ. СОНДЫҚТАН ДА, «САБАР» АТАУЫ ӨР ДЕРЕКТЕ ӨРТҮРЛІ ЖАЗЫЛҒАН. ВИЗАНТИЯ ЖАЗБАЛАРЫНДА «САБАР, САБЕЙР, САБЕР, САБИР», АРМЯН ДЕРЕКТЕРІНДЕ «СВАР, СВАР, С(А)БИР», ИСЛАМ ДЕРЕКТЕРІНДЕ «СЕБИР» ТҮРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН. САБАРЛАРДЫҢ ТҮРКІ ТЕКТІ ЕКЕНДІГІН ДӘЛІЛДЕЙТІН ЕҢ БАСТЫ ҚҰЖАТ ОЛАРДЫҢ ӨЗ АТАУЫ. ӨЙТКЕНІ, САБАР СӨЗІ ТҮРІКШЕ (СПАР = САПМАК), «САБЫЛУ» ЕТІСТІГІНЕ -АР ЖАЛҒАУЫН ЖАЛҒАУ АРҚЫЛЫ ПАЙДА БОЛҒАН (САПАН) САБЫЛҒАН, ЖОЛЫН АУЫСТЫРҒАН, БАСЫ БОС МАҒЫНАЛАРЫН БЕРЕДІ. МЫСАЛЫ, ҚАЗАР, БҮЛҒАР, ҚАБАР, Т.Б. СИЯҚТЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, САБАРЛАРДА АДАМ АТТАРЫНЫҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕ БОЛУЫ (БАЛАК, ИЛИГЕР, БОАРЫК, БУГ-АРЫК, Т.Б.) ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ТАРИХ САХНАСЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ САБАРЛАРДЫҢ ТҮРКІЛЕРДЕН ШЫҚҚАНДЫҒЫН ДӘЛІЛДЕЙДІ.

Проф. док. Ахмет ТАШАГЫЛ

САБАРЛАР

САБАРЛАРДЫҢ ТАРИХ САХНАСЫНА ШЫҒУЫ

Сабарлардың тарих сахнасында алғаш пайда болған жері Тәңірі таулары мен Іле өзенінің арасы екендігі қабылданса да біз Батыс Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібір екендігін айтамыз. Сабарлар осы жерлерден жылжи отырып, болжам бойынша, табғаштардың шапқыншылығының әсерінен Ертіс өзенінің бойына келген. Сабарлар жайындағы алғашқы деректерді шығыстағы Қытайлардың жазбаларынан емес Византия тарихшысы Прискостың жазбаларынан білеміз. Шыққан тектері

ператоры Анастасиос дәуірінде (515 ж.) Сабарлар қағаны Белектің (Балақтың) басшылығымен Армения жеріне дейін ағылды. Кейіннен, бұл көшу науқаны тағы да қайталанып, Анадолыға кірді. Қайсери, Кония, Кападокияға дейін барды.

БОАРЫҚ ӘЙЕЛ ЕЛ БИЛЕУШІ

Сабарлардың ең мықты қағаны Белек (Балак) 520 ж. шамасында өлді. Ол өлгеннен кейін, сабар тағына оның жесір әйелі Боарык (Боғарык) (асыл, таза мағынасын береді) отырды. Жүз мың кісіге әмірін жүргізген бұл түрік ханшайымы әл билеуімен қатар сұлулығымен

сүрген Шығыс Еуропа үкіметі құлап, тарих қойнауына енді. Бірақ олардың сондай аз уақыт ішінде Еділ-Жайық, Кавказ, Кубан-Терек бойларында қалдырған әсері сан мың жылдарға жалғасты. Әсіресе, соғыс қимылдарына байланысты жоғары техникасы сол заманның жергілікті екі үлкен мемлекеті Сасанилер мен Византиялықтардың өміріне айрықша із қалдырды. Негізінде, сабарлар Кавказ жерінде дала мәдениетіне ие және осы мәдениеттің өкілі болған халық еді. Византия тарихшысы Прокопиостың сабарлар жайлы жазған мәліметтері өте қызық. «Сабарлар адам баласы есін білгеннен бері ирандықтардың да, римдіктердің де ешқайсысының ойына келмеген машиналарды жасады. Жоғарыда аты аталған екі императорлықта да жаратылыстанушы ғалым аз болмаған. Сондай-ақ, қай дәуірде болмасын заманына сай машиналар жасалған. Бірақ, бүгінгі күнге дейін мынадай (варварлардікіне) жабайылардікіне ұқсас техниканы жасай да алған жоқ, қолдана да алған жоқ. Бұл күмәнсіз адам ақылының жетістігі». Бұл сөздер сол замандағы дүниежүзілік отырықшы мәдениеттің ең керемет өкілі болып саналатын Византияға сабарлардың қалай әсер еткендігін анық көрсетеді. Өткен ғасырдың орталарында С.Патканов Батыс Сібірде вогулдар, остияктар мен Ертіс татарлары арасында жүргізген зерттеуінің нәтижесінде сабарлардың жергілікті халыққа тигізген әсері мен қалдырған терең іздерін жазғандығын айтады.

СІБІР ЖӘНЕ ФИН-УГОР ТАЙПАЛАРЫНДА ҚАЛДЫРҒАН ІЗДЕРІ

Об, Тура және Ертіс өңірінде Сабар, Са-



Қартайтпашы, АНАШЫМ!

«Ана» бұл қасиетті ұғым, қолына қалам алмас адамды да жазғызады емес пе?! Қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетіміздің факультеттері ғана емес, факультет ішіндегі әрбір курс студенттері бұл тақырыпта кем дегенде бір кеш өткізді десек артық айтқанымыз болмас. Ендеше, біз де өз ойымызды ортаға салсақ.

ар арасында үлкен бас көтерулер жасалады. Тайпалар көтерілісінің нәтижесіне шығыстан келген Аварлар шапқыншылығының қосылуы, сабарларды батысқа қарай ығыстырады. Кейіннен, Орал – Алтай арасында өмір сүрген оғурларды батысқа қарай итерген сабарлар Тобыл мен Есіл өзендерін жағалай орналасады. Бұл дерек Прискоста бұлай жазылады: «Сабирлер Об және Ертіс маңайындағы Он-Огурларға сес көрсетіп, оларды батысқа қарай ығыстырды. Он-Огурлар Сарогурларға шабуыл жасады. Сабарлар болса оларды бақылай отырып, Жайық пен Еділ өзендерінен өтті. Сабарлар осы аймаққа орналасқаннан кейін, бұл жерде өмір сүріп жатқан фин-угор тегінен шыққан вогул, остияк сияқты тайпаларға басшылық етіп, ғасырларға жалғасқан үлкен мәдени ықпал жасады. Бұл аймақта, яғни, Хазар теңізінің солтүстігі мен Жайық – Еділ өзендерінің жағасында жарты ғасыр тұрып, кейін 503 жылы Шығыс Еуропаға қарай көшеді. Сабарлар көш барысында Бұлғар тайпаларының бір бөлігін өздерінің қоластына кіргізіп алады.

САБАРЛАРДЫҢ КАВКАЗДЫҢ СОЛТҮСТІГІНЕ КЕЛУЛЕРІ

Сабарлардың басым бөлігі 515 жылы Кавказия мен Кубан аңғарына қоныс тепті. 515 жылдардан бастап Византия және Сасани империясымен байланыс жасап, Шығыс Еуропа тарихында маңызды рөл ойнай бастайды. Осылайша, сабарлардың кавказ жерінде дамыған мәдениеті мен жоғары санатты соғыс құралдары арқылы аттары шыққан. Сабарлардың кавказ жеріне орналасқан кездерінде Византия – Сасани соғыстары өте қарқынды жүріп жатқан. Жаңа қоныстарындағы халықаралық жағдайды оңтайлы пайдаланған сабарлар сасанилермен келіссөз жүргізіп, Византияға шабуыл жасады. Анадолияға ағылғын көш Византия им-

басқа да бағалы сый-сияпаттар сыйға тартуы арқылы Боарыкпен келіссөз жүргізуге қол жеткізеді (528ж.). Осындай әрекетінің арқасында Византия сан жылдарға созылған соғыстарда әрдайым сасанилардың жақтасы болып соғысып келген сабарларды өз жақтарына тартып, өздеріне жақтас етеді.

САБАРЛАР, АВАР ЖӘНЕ САСАНИ ШАБУЫЛЫНА ТӨТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ

Сабарлардың ең мықты қағаны Белек (Балак) 520 ж. шамасында өлді. Ол өлгеннен кейін сабар тағына оның жесір әйелі Боарык (Богарык) (асыл, таза мағынасын береді) отырды. Жүз мың кісіге әмірін жүргізген бұл түрік ханшайымы ел билеуімен қатар сұлулығымен де аты шыққан әйел болған. Византия императоры И.Джастинианус (527–565 жж.) әртүрлі күміс құмыралар мен басқа да бағалы сый-сияпаттар сыйға тартуы арқылы Боарыкпен келіссөз жүргізуге қол жеткізеді (528 ж.). Осындай әрекетінің арқасында Византия сан жылдарға созылған соғыстарда әрдайым сасанилардың жақтасы болып соғысып келген сабарларды өз жақтарына тартып, өздеріне жақтас етеді.

ХАЗАРҒА ЖЕТУ

Сабарлар жеңілгеннен кейін, Күр өзенінің оңтүстігіне орналасады. Сабарлардың бір бөлігінің мажарларға қосылғаны айтылады. Бұл өңірде сабарлардың аттарын тек VII ғасырдың орталарына дейін кездестіруге болады. Белекпен мен Семендер атты екі сабар тайпасының сол аймақта кейіннен құрылған Хазар үкіметінің негізгі бөлігін құрағаны белгілі.

АЗ УАҚЫТТА АЙШЫҚТЫ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН\ ЕРЕКШЕ ҚАРУ-ЖАРАҚ

Сабарлардың шамамен бір ғасыр өмір

бұл жердің ең ескі иелері Сыбыр. Сыбыр деп қабылдайды. Әсіресе, бұл аймақтағы халықтың ертегілерінде Сабар атауы өте кең қолданылады. Сабарлар өздерінің үлкендері ретінде қабылдаған остияктармен бірге орыстардың қоластына кірген кездерінде вогулдардың орыстарға «Сапер» атын берулері де осыған байланысты. Бұл өңірлерде 16 ғасырда құрылған Сібір хандығының астанасы да Сібір деп аталды. Орыстардың шығысқа қарай жаппай кіруі барысында Искер қаласын басып алғаннан кейін, бұл қалаға берілген Сібір атауы орыс қозғалысы шығысқа қарай ілгерілеген сайын үлкен бір аймақтың, территорияның аты ретінде бүгінгі күнге жетті.

Қорыта айтсақ, Орта Еуропада Хүн үкіметі құлаған кезде Шығыс Еуропада тағы бір түрік тайпасының тарих сахнасына шығып, Сасани мен Византия императорлықтарымен күш сынасқанын көреміз. Сабарлардан қалған тарихи естеліктердің ең ірісі еш күмәнсіз бүгінгі күні үлкен жағрафиялық территорияға берілген Сибиря атауы. XVI ғасырда құрылған Сібір хандығы мен хандықтың астанасы болған Сібір сөздері де жайдан-жай берілмеген. XIX ғасырда Батыс Сібірге жасалған зерттеулер сол жерде өмір сүріп жатқан вогул, остияк және Ертіс татарлары арасында арада сан ғасырлар өтсе де, жоғары мәдениетке ие болған сабарлар өркениетінің іздері сайрап жатқанын көрсеткен. Халық ертегілерінде, батырлар жырларында сабарлар үлкен рөл ойнайды және ата-бабалары ретінде қабылданған. Әсіресе, Об, Тура, Ертіс бойларында Сабер, Сапер, Саври, Сыбыр деп аталатын жер мен қорған аттары өте көп.

**Түрік тілінен аударған
Шынарай БҮРКІТБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті, Шығыстану
факультетінің докторанты**

Бұл «Анашым» әнінің бір шумағы, қандай керемет сөздер, аз да болса мағынасы теріс біздің көңілімізде осылай емес пе?! Қайда жүрсек те, бізді ойлап, уайымдап, тіпті, ауыр қалсаң сезіп қратын, міне осы жандар екен. Осыған байланысты мен басымнан өткен бір жағдайды айта кетейін.

Мектеп аяқтауға бір жыл қалған уақыт яғни, оныншы сыныптың жазы. Мен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындаламын деп үйдегілерден сұранып, қалада қалдым. Өзім жалғыз қалмайын деп, жақын бір досымды анасынан сұрап алып, үйге бір апта жүруін өтіндім. Ол қуана келісті. Сонымен, ол досым келісімен сыныптастарды жиып, кеш өткізбекке кірісті. Мен ештеңе демедім. Осылай бәрі келді, біразы ішімдік қолданды. Не керек сонымен бәрі тарап қайтты. Соңында біз қалдық. Масайып қалған досым, өзінің ұнатпайтын адамдарын барып күш көрсеткісі келіп, үйден шықты. Мен де бірге бардым. Осылай бұл бір өзі, ал бұны қарсыластары бірнешеу еді. Сонымен, соңында досым жарақат алып, ауруханаға түсті. Әрине бәрі жан-жаққа тарап кетті. Бір күдікті адам мен болып, мені ішкі істер қызметкерлері алып кетті. Не керек, біраз жағдайлар, сұрақтар болып, әйтеуір, үйге түнде қайттым. Ертеңіне жағдайдың бәрін реттеп үйге қайтамын деп отырғанда, «анам» қоңырау шалды. Ешқандай оқуға қазір дайындалудың қажеті жоқ, үйге қайт, үйде дайындаласың деді. Сонда түсіндім ана шіркін баласының қиналған жүрегін бірден сезеді екен-ау деп ойладым. Осыдан кейін ананың бәрін сезіп қоярын, сенің қуанышың, мұңың қайда жүрсең де анаңа белгілі екенін ұқтым. Сол үшін аналарымызды құрметтейік, қадірлейік, ұзақ ғұмыр тілеп, бақытына себепкер болып жүрейік дегім келеді. Аналарымыз аман болсын!

**Назым АГИШАНОВА,
Айгөрім АЙДАРХАНОВА
ҚазҰУ, Жылу физикасы және
техникалық физика кафедрасының
I курс магистранттары**